

“ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ БАЯНДАЛҒАН ДӘЛЕЛДЕР, ТҮСІНІКТЕР ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚТАР”

Миралиева Диана Нұрмухан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті
E-mail: diananurmuxan2@gmail.com

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі: (PhD)
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ тілі әдебиетін оқутуда қолданылатын әдістердің түрлері, өзара жіктік топтары туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, әр бір әдіске анықтама. Әдістердің қолданылу орны. Қай кезде қолданылғанда қандай нәтиже беруі жайында. Жәнеде мектеп оқушыларының сынып ерекшелігіне байланысты қолданылатын кезеңдері жайында мәліметтер беріледі.

Кілт сөздер: Әдебиет әдістемесі, принцип, жемісті нәтиже, әдіс түрлері, көркем туынды, оқыту шеберлігі, әдіс-тәсіл.

“PROOFS, CONCEPTS AND LAWS EXPLAINED ON A SCIENTIFIC BASIS IN TEXTBOOKS

ABSTRACT

The article provides information about the types of methods used in teaching the literature of the Kazakh language, groups of mutual units. Also, help for each method. Place of application of methods. It is about what results it will give when it is used. In addition, information is given about the stages used by schoolchildren depending on the class.

Keywords: Literary methodology, principle, fruitful results, types of methods, artistic works, teaching skills, methods.

Кіріспе бөлім: Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгерте отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдары қарастырылды. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың нәтижелі болуын ұйымдастыра білуді, оқушылардың білімді өз

изденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды. Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің орны ерекше.

Негізгі бөлім: Қазіргі уақытта педагогикалық зерттеулерге, білім жүйесі мекемелеріндегі тәжірибелік –эксперименттік жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде. Зерттеуші–педагогтің, педагогикалық ұжымның, эксперименттік алаңдардың ғылыми ізденісінің бағдарламалары мен әдістемелері жазылып даярлануда. Нақты мәселенің зерттелу жұмысының тәжірибесі жинақталуда. Ғалымдардың іргелі еңбектерінде (Л. В. Занков, Ю. К. Бабанский, М. Н. Скаткин, Я. Скалкова, В. И. Загвязинский, В. И. Журавлев, В. М. Полонский және т.б.) педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі кеңінен берілген. Дегенмен, осы уақытқа дейін ХХ ғасырдың екінші жартысында жан-жақты зерттелген, семинарларда талқыланғанмен де зерттеушінің әдіснамалық мәдениетіне енетін біліктіліктің мазмұны нақтыланбаған. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің бағыттарын, тұжырымдамасын, әдістемесін анықтайтын ұғымдық-түсініктік терминологиялық аппараты жеткілікті деңгейде зерделенбеген. Осы бағыттағы жетістіктерге қарамастан, бүгінгі күні жас зерттеушілер де, тіпті тәжірибелі ғылыми қызметкерлер де зерттеудің ғылыми аппаратын тұтасымен, сондай-ақ, оның жеке бөліктерін құрастыруда қиналатыны байқалады. Әсіресе, зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтау мәселесіне келгенде ізденушілердің көпшілігі бұның құрамына не кіретінін іздестіріп, тек зерттеудің ғылыми аппаратын үлгілерден алып жазып қоюмен шектелетін жәйттер де кездеседі. Ғылыми-зерттеу практикасында зерттеушілер «осы әдіснамалық негізді біз жасаймыз» деген пікірде болады да, солай жазады да. Ал шын мәнінде, зерттеуші зерттеудің әдіснамалық негізін тек анықтайды. Демек, әдіснамалық негізді әдебиеттен ққарастырып өз тақырыбының мәніне, мазмұнына сай таңдап алады. Әдіснамалық негіздің құрылымына, біздің пайымдауымызша, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негізінің алғашқы құрамдас бөлігі өз зерттеу пәнінің – философиялық заңдар, ұғымдардың және материалистік диалектиканың ұстанымдары мен әдістеріне қатысын ойластырады. Әдіснамалық негіздердің келесі бөліктеріне әдіснамалық тұғырлар, әдіснамалық ұстанымдар, зерттеудің тұжырымдамалық негізіне алынатын зерттеудің логикасы (зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеудің түсініктік аппараты, зерттеудің өлшемдік аппараты) енеді. Әрине, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары зерттеудің ғылыми аппаратының құрамына да кіреді. Әдіснамалық тұғыр мен әдіснамалық ұстанымды бөліп көрсету себебіміз ізденушінің назарын ерекше аудару мақсатында болып отыр. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негізі бағытындағы ізденістерде зерттеудің логикасы, зерттеу әдістері, нәтижелері,

зерттеу сапасын бағалау мәселелері қарастырылып жүр. Ал енді әдіснамалық тұғырлар туралы білімдер жиынтығы әдіснамашы ғалымдардың еңбектерінде, түрлі ғылыми басылымдар, ғылыми-практикалық конференциялар, әдіснамалық семинарлар, интернет-конференциялар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар материалдарында көрініс тапқан.

Әдіснамалық тұғырлардың құрылымы мен мазмұны «Педагогика әдіснамасы» (2013 ж.) атты оқу құралында ашып көрсетілген. Зерттеудің әдіснамалық негізін сызба түрінде жобаласақ, төмендегідей үлгі шығады. Сонымен, әдіснамалық тұғырлар дегеніміз – қайсыбір педагогикалық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы. Әдіснамалық ұстанымдар деп педагогикалық жүйелерді зерттей отырып, өзгерткенде негізге алынатын қағидаларды айтады. Ғылыми-педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдары – жүргізілетін ғылыми зерттеулерге қойылатын жалпы талаптар, жетекші идея, түпкі қағида. Ғылыми әдебиеттерде жалпы ғылымилық ұстанымдар қатарына объективтілікті, ғылымилықты, жүйелілікті, тарихилықты, сабақтастықты және т. Б. Жатқызады. Демек, тұғыр ұстанымға қарағанда кең ұғым. Бұл тұғырлар мен ұстанымдар барлық ғылымға тән. Сондықтан, педагогикада аталмыш тұғырлар мен ұстанымдарды зерттелетін объектілердің мәніне сай қолданып, ізденушілер өз зерттеулерін ұйымдастырады. Нақты тұғыр бірнеше ұстанымдар арқылы іске аспақ. Бұл ретте әдіснама негізінен ғылыми әрекеттің логикасына қатысты түсіндіріледі. Әдіснама – педагогика ғылымының жасалу зертханасы, сол әдіснама арқылы зерттеудің қазіргі талапқа сай екендігі көрсетіледі және ғылыми қызметкерлердің кәсіби деңгейі бағаланады. Зерттеушілерге біз 2007 жылы «Тұран» баспасынан жарық көрген «Введение в методологию и методику педагогического исследования» атты оқу құралындағы әдіснамалық тұғырлар, әдіснамалық ұстанымдар, зерттеу логикасы, зерттеу әдістемесі туралы мысалдармен тереңдетіле берілген әдіснамалық білім мазмұнын ұсынамыз. Әдіснамалық негіз өзіне зерттеу құбылысын талдауға объективті ыңғай тауып, одан шығатын білім берудің теориясы мен практикасына ұсыныстар мен қортындылар жасап, алынған нәтиженің ғылыми құндылығы мен дәлелділігі шынайы ғылыммен қамтамасыз ететін автордың зерттеу тұжырымдамасы мен көзқарас сипаттамасын енгізеді.

Қорытынды бөлім: Педагогикалық зерттеу үдерісінде айқындалған заңды байланыстар (яғни, зерттеу құбылысындағы байланыстардың арнайы талдауы: әмбебап, заңды, себеп-салдар, қызметтік) мүмкін нәтиженің жоғары жетістіктері негізінде заңдылықтарды ескере отырып, жаңа жүйені дайындап шығару мүмкіндік туғызады. Көп кездерде педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық

негізі теориялық негіз бен дерек көздерімен тығыз өзара байланысымен сипатталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES)

1. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Т.Қ.Қасенова Павлодар қаласы Керуку 2015 жыл
2. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Қ.Бітібаева Алматы қаласы «Рауан» баспасы 1997 жыл
3. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Б.Д.Жұмақаева Алматы қаласы «Қыздар университеті» баспасы 2015 жыл.